

Халықаралық әріптестік аясы кеңеюде

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Бейжің орман шаруашылығы университетімен (Қытай) өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Қазақстан мен Қытайдың жоғары оқу орындары осы меморандум аясында ғылым жолындағы ізденістерін ұштастырып, білім беру және ғылыми-зерттеу ресурстарын дамытуға ден қоймақ.

Жәңгір хан университетіне жұмыс сапарымен келген Бейжің орман шаруашылығы университетінің қауымдастырылған профессоры Синху Цин аталған меморандум аясында «Машиналық оқыту және популяциялық генетика әдістерін қолдану арқылы биоалуантүрлілікті сақтауды күшейту» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріске «Ветеринария», «Мал шаруашылығы» және «Өнеркәсіптік экология» білім беру

бағдарламалары бойынша докторанттар мен магистранттар қатысты. Мұнда экология мен эволюция саласындағы ғылыми қызығушылықтар мен зерттеу жобалары ұсынылды.

Сондай-ақ қытайлық ғалым ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Қайсар Көшәлиевтің ғылыми мектебінен тәлім алған шәкірттерімен кездесті. Жас ғалымдар Қытай профессорына өздерінің ғылыми бағыттары, зерттеу жұмыстары туралы айтып өтті. Ал Синху Цин өзінің генетика саласы бойынша жұмыстанатынын айтып өтіп, бірнеше бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген БҚАТУ ғалымдарының ізденісіне қызығушылық танытты. Сонымен қатар алдағы уақытта бірлесе жұмыстануға, үлкен жобаларды бірге жүзеге асыруға ниет білдіріп, оларға Бейжің университетінде тағылымдамадан өтуге ұсыныс білдірді.



Жалпы Қытай профессоры Синху Цин бұл жолы Жәңгір хан университеті ғалымдарының киікті қолға үйрету тәжірибесімен танысуға келген еді. Еске сала кетсек, Жәңгір хан университетінің

ғалымдары Қайсар Көшәлиев пен Вадим Ульянов 2025 жылдың қазан айында Бейжің университетінің шақыртуымен арнайы Қытайға барып қайтқан болатын.

СПАРТАКИАДА

Биылғы жеңіс – жаңа факультетте

Жәңгір хан университетінде дәстүрлі «Денсаулық-2026» қысқы спартакиадасы биыл да өз жалғасын тапты. Спорттық шара қорытындысы бойынша биылғы оқу жылында құрылған «Гуманитарлық спорттық және әскери дайындық факультеті» ойыншылары қарсыластарын басып озды.

Жыл сайын «Сұңқар» спорт клубы ұйымдастыратын спорт мерекесіне университет оқытушылары мен қызметкерлерінен құралған командалар қатысады. Бұл іс-шараның мақсаты университет қызметкерлері арасында бұқаралық спортты дамытуға және әріптестердің достық қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған. «Сұңқар» спорт клубының директоры Рауан Тұрдалиев спартакиаданы жоғары жетістіктермен өткізетін оқытушылардың қысқы дема-



лыстан келетін білім алушыларды жақсы әсермен қарсылайтынына сенімді. Осылайша биылғы қысқы спартакиадаға алты құрама (485 адам) команда қатысып,

спорттың 15 түрі бойынша өзара сайысқа түсті.

Нәтижесінде жалпыкомандалық есеп бойынша қорытынды төмендегідей:

I орын – «Спортфак» құрама командасы (Гуманитарлық спорттық және әскери дайындық факультеті; Әскери кафедра). Команда жетекшісі – Тлебаев Асылжан Асылбекұлы.

II орын – «Әкімшілік бөлімі» құрама командасы (Әкімшілік бөлімі; Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті; Ғылым орталықтары; Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма). Команда жетекшісі – Ескендіров Жасболат Амангелдіұлы.

III орын – «ИТИ» құрама командасы (Индустриалды-технологиялық институты). Команда жетекшісі – Мәжитов Еркебұлан Бисенғалиұлы.

Бұдан кейінгі орындарды ұпай саны бойынша «Эконом», «Вет-Агро», «Политех» құрама командалары иеленді. Сонымен қатар үздік ойыншылар да марапатталды.

ТАНЫМ

Музей сағаты өтті

Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейінде Қазақстанның халық әртісі, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, дарынды сазгер, дүлдүл домбырашы Дина Нұрпейісованың 165 жылдық мерейтойына орай «Күмбірлеген домбыраның сазды үні» атты танымдық музей сағаты өтті.



Шара Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының шығармашылық ұжымы сомдаған дәулескер күйшілер, ұстаз бен шәкірт Құрманғазы мен Дина туралы шағын қойылыммен басталды. Кеш барысында сөз алған Жәңгір хан университетінің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов, облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Нұржан Дүзбатыров және тарихшы ұстаз Бағдагүл Сисенова шараның маңыздылығына тоқталып, қазақ өнерінде күйші Динаның алатын орны жоғары екенін атап өтті.

Бұдан әрі Қадыр Мырза Әлі атындағы №47 ЖОББ мектебінің оқушылары, тарихи-өлкетану



бағытындағы үйірме мүшелері, «ҚКҚ» өнер орталығының өнерпаздары өнер көрсетті. Шараға қатысушылар күмбірлеген күй тыңдап, ерекше әсерге бөленді.

2026 жылғы атаулы күндер

Биыл Қазақстан мен әлем өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың айтулы мерейтойлары аталып өтеді. Бұл – жай ғана даталар емес, ұлт жады мен рухани кодтың маңызды бөлшегі.



9 ақпан – лирик ақын **Мұқағали Мақатаевтың** туғанына 95 жыл (1931–1976).



10 ақпан – талантты композитор **Кеңес Дүйсеевтің** туғанына 80 жыл (1946–2020).



25 ақпан – талантты актриса, қазақтың қыз **Жібегі, жерлесіміз Меруерт Өтекешова** 75 жасқа толады.



28 ақпан – ақын, айтыскер, абыз жырау әрі жсауынгер жыршы **Жамбыл Жабаевтың** туғанына 180 жыл (1846–1945).



6 мамыр – жазушы, композитор, өнер зерттеушісі **Ілия Жақанов** (1936) 90 жасқа толады.



6 мамыр – қазақ спортын әлемге танытқан даңқты палуан **Жақсылық Үшкемпіровтің** туғанына 75 жыл (1951–2020).



27 шілде – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Қазақстанның Халық Қаһарманы **Тоқтар Әубәкіров** (1946) 80 жасқа толады.



28 тамыз – мемлекет және қоғам қайраткері, ұлттық мәдени мұраны қайта жаңғырту ісінің көшбасшысы **Өзбекәлі Жәнібековтің** туғанына 95 жыл (1931–1998).



2 қараша – ағартушы, педагог, жазушы, этнограф әрі фольклортанушы **Ыбырай Алтынсариннің** туғанына 185 жыл (1841–1889).



5 наурыз – ұлт-азаттық қозғалыстың көшбасшысы, Алаш Орда үкіметінің жетекшісі, энциклопедист ғалым әрі публицист **Әлихан Бөкейханның** туғанына 160 жыл (1866–1937).



13 наурыз – Желтоқсан көтерілісінің символына айналған ержүрек тұлға **Қайрат Рысқұлбековтің** туғанына 60 жыл (1966–1988).



24 сәуір – қазақ әдебиетінің классигі, тарихи романдардың шебері, халық жазушысы **Қабдеш Жұмаділовтің** туғанына 90 жыл (1936–2021).

АТАУЛЫ ДАТАЛАР



29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 35 жыл (1991).



16 желтоқсан – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына 40 жыл.



16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жарияланғанына 35 жыл (1991).



Исатай–Махамбет көтерілісіне 190 жыл (1836–1838).



Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске 170 жыл (1856).

СТУДЕНТ ҚАЛАМЫНАН

Елге қызмет – әр азаматтың парызы

Елге қызмет – ұлттың болашағына үлес қосатын ең мәртебелі міндет. Бұл ұғым тек батырлық істермен немесе үлкен лауазымдармен шектелмейді.



Нағыз қызмет – күнделікті еңбекте, адалдық пен жауапкершілікте, өз ісін жақсы орындауға деген талпыныста көрінеді. Әр азамат елдің дамуына өзінше үлес қоса алады. Бірі ғылым мен білім саласында жаңалық ашса, бірі қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, енді бірі өнер арқылы халықтың рухын көтереді. Ал жастар үшін елге қызмет – білім алып, өмірлік тәжірибе жинап, ертеңгі күні туған жерге керек тұлға болуға ұмтылу.

Елге адал қызмет ету – өз тамырынды, тарихынды, мәдениетінді құрметтеу. Әр буынның еңбегі мен жауапкершілігі бірігіп, еліміздің өсіп-өркендеуіне жол ашады. Сондықтан да елге қызмет – әр адамның жүрегіндегі сезім мен іс-әрекеттен туатын қасиетті борыш.

Өзім де болашақта Отаным, еліме қызмет ететін боламын. Күні кеше ғана студент атанып, қазіргі уақытта еліміздегі іргелі жоғары оқу орындарының бірінде білім алып жүрмін. «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» мамандығын таңдадым. Университеттегі «Әскери кафедрада» қосымша білім алуды да жоспарлап жүрмін. Болашақта осы оқуымды ойдағыдай бітіріп, әскери салада қызмет етуді армандаймын. Еліміздің Қарулы күштерінің қатарында абыройлы қызмет етіп, Отан қорғау жолындағы борышымды өтегім келеді.

Нұртас ҰЗАҚ
Гуманитарлық, спорттық және әскери дайындық факультетінің 1-курс студенті

ХАБАР

Әскери кафедра өтініштерді онлайн қабылдайды

Осы ретте еліміздегі басқа жоғары оқу орындары секілді Жәңгір хан университетіндегі әскери кафедрада оқуға қызығушылық танытқан білім алушылар да өз құжаттарын электронды нұсқада жібере алады.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның баспасөз қызметінің мәліметінше, құжаттарды электронды қабылдау ағымдағы жылдың 1 ақпанынан бастап жүзеге асырылады. Аталған қызмет ҚР Электронды Үкіметінің eGov.kz порталы арқылы көрсетіледі. Өтінішті күндізгі оқу бөлімінде білім алып жатқан бакалавриат студенттері бере алады, құжаттарды қабылдау 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Курстан өту білім алушыларға негізгі оқуынан қол үзбей, запастағы лейтенант немесе кіші сержант атағын алуға мүмкіндік береді.

Өтініш беру жолдары:

- eGov.kz порталында авторизациядан өту қажет;

- «Басты бет» – «Азаматтарға» – «Әскери есеп және қауіпсіздік» – «Әскери қызмет» бөлімдеріне өту;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы әскери кафедраларға оқуға түсу үшін өтініштерді қабылдау» қызметін таңдау;

- «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын таңдау;

- деректерді толтыру, әскери кафедраны және оқу бағдарламасын таңдау; деректерді пайдалануға келісім беру;

- өтінішті қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірін пайдаланып растау (қол қою).

Жаңа сервис соттылығы, мүгедектігі туралы деректерді, сондай-ақ психоневрологиялық, наркологиялық және туберкулез диспансерлеріндегі мәліметтерді автоматты түрде тексереді.



Қидан – өнімге дейін: органикалық тыңайтқышты тиімді ұнтақтаудың сырлары

Бүгінгі таңда экологиялық тепе-теңдікті сақтау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және жас ұрпақты табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу – қоғам алдындағы өзекті міндеттердің бірі. Осы бағытта ауыл шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу, соның ішінде қидан органикалық тыңайтқыш өндіру мәселесі ерекше маңызға ие. Қарапайым әрі күнделікті тұрмыста жиі кездесетін қидың өзі дұрыс өңделсе, табиғатқа да, адамға да пайда әкелетін құнды өнімге айнала алады.

Қи – табиғи ресурс

Қи – мал шаруашылығы нәтижесінде пайда болатын органикалық қалдық. Көп жағдайда ол экологиялық мәселе



ретінде қабылданып, ашық жерлерге тасталады немесе дұрыс сақталмайды. Мұндай жағдай қоршаған ортаға зиян келтіріп, ауа мен топырақтың ластануына әкелуі мүмкін. Алайда ғылыми тұрғыдан қарасақ, қи – табиғи тыңайтқыштың негізгі көзі.



Оның құрамында өсімдіктің өсуі мен дамуына қажетті макро және микроэлементтер, органикалық заттар мен пайдалы микроағзалар бар.

Дәстүрлі ауыл шаруашылығында қи ғасырлар бойы жер құнарын арттыру үшін пайдаланылып келген. Бүгінде бұл тәжірибе заманауи технологиялармен ұштасып, тиімді әрі қауіпсіз әдістермен жалғасуда.

Ұнтақтау – сапалы тыңайтқыштың кілті

Қиды тікелей егістікке төгу әрдайым тиімді нәтиже бере бермейді. Оның құрылымы ірі, ылғалды әрі біркелкі емес болғандықтан, топырақта баяу ыдырайды. Сондықтан қиды ұнтақтау – органикалық тыңайтқыш дайындаудың маңызды кезеңдерінің бірі.

Ұнтақталған қи топыраққа тез сіңіп, қоректік заттарды біркелкі таратады; өсімдік талпырына қажетті элементтердің қолжетімділігін арттырады; шіру және минералдану процесін жылдамдатады; арамшөп тұқымдары мен зиянды микроағзалардың әсерін азайтады. Сонымен қатар ұнтақтау арқылы тыңайтқышты

сақтау, тасымалдау және қолдану әлдеқайда жеңілдейді. Бұл – ауыл шаруашылығы өндірісіндегі тиімділікті арттыратын маңызды фактор.

Органикалық тыңайтқыштың артықшылықтары

Органикалық тыңайтқыштар химиялық қоспаларға қарағанда табиғатқа зиянсыз әрі ұзақ мерзімді әсер береді. Олар топырақ құрылымын жақсартып, оның ылғал сақтау қабілетін арттырады. Нәтижесінде егін өнімділігі өсіп, жердің тозуының алдын алуға мүмкіндік туады.

Қиды дұрыс өңдеп пайдалану:

экологиялық таза өнім алуға; топырақтың табиғи құнарын сақтауға;

ауыл шаруашылығында тұрақты даму қағидаларын жүзеге асыруға жағдай жасайды. Бұл – қазіргі заман талап етіп отырған экологиялық жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Білім мен тәрбие берудегі маңызы

Қиды қайта өңдеу тақырыбы білім беру саласында үлкен тәрбиелік мәнге ие. Мұндай

тақырыптар арқылы білім алушылар:

табиғат заңдылықтарын түсінеді;


еңбектің құндылығын сезінеді;

экологиялық мәдениетке бейімделеді;

жауапкершілік пен үнемшілдікке үйренеді.

Мектептерде, колледждерде немесе жоғары оқу орындарында қидан органикалық тыңайтқыш дайындау бойынша жобалық және тәжірибелік жұмыстар ұйымдастыру – теориялық білімді практикамен ұштастырудың тиімді жолы. Бұл білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамытып, ауыл шаруашылығы мамандықтарына қызығушылығын арттырады.

Экологиялық тәрбие және болашақ ұрпақ



Қидан тыңайтқыш өндіру – «қалдықсыз технология» ұғымының нақты мысалы. Бұл жас ұрпаққа кез келген қалдықты дұрыс пайдаланса, одан пайда алуға болатынын көрсетеді. Табиғатты қорғау тек үлкен жобалардан емес, осындай қарапайым істерден басталатынын ұғындырады.




Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты – табиғат пен адам арасындағы үйлесімді қатынасты қалыптастыру. Ал қиды тиімді өңдеу – осы мақсатқа жетудің қарапайым әрі нәтижелі жолдарының бірі.

Түйін: Қи – пайдасыз қалдық емес, дұрыс өңделсе ауыл шаруашылығы мен экология үшін құнды ресурс. Оны тиімді ұнтақтап, органикалық тыңайтқыш ретінде пайдалану жер құнарын арттырып қана қоймай, жас ұрпақтың экологиялық санасын қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Табиғатты аялау, еңбекті қадірлеу және ресурсты үнемдеу – болашақтың берік негізі. Ал бұл негіз дәл осындай қарапайым, бірақ мәні терең істерден басталады.


Бибігүл САРБАЛИНА,
Политехникалық институт директорының ТЖЖ орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты

FACTORS AFFECTING SOIL FERTILITY



Үздіктер қатарында...

Биылғы дәстүрлі «Денсаулық-2026» қысқы спартакиадасында барлық спорт түрі бойынша жарыстарда бірнеше ойыншы үздіктер қатарынан табылды.



Қаржаубай Жаңабайұлы Досов – «Ардагер спортшы», Индустриалды-технологиялық институтының аға оқытушысы, магистр



Еркебұлан Бисенғалиұлы Мәжитов – «Белсенді ойыншы», Индустриалды-технологиялық институтының PhD, доцент м.а.



Әділжан Өмірбекұлы Әбдіғани – «Үздік ойыншы», Политехникалық институтының оқытушысы, магистр



Әкімшілік бөлімі – «Ең үздік жанкүйер»



Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ
баспасөз хатшысы
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады. Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 595 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Баспасөз қызметінің
мекенжайы:
090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 231-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru